

N E W S

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 4, Number 308 (2016), 77 – 81

RELIGIOUS IMAGE "QUBAS" IN WORLD LITERATURE

Zh. S. Kerimbek

Institute of Literature and Art named after M.O.Auezov
Al-Farabi Kazakh National University, PhD doctoral candidate, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: zkerimbek@mail.ru

Key words: folklore, qissa, hikayat, legend, saga, dastan.

Abstract. The article is about the manuscript collections of “Qissa-i Zhumzhuma” which were published several times in the middle of the 19th century. The prophetic legend of the interrogation and subsequent resurrection of a scull by the prophet Isa, which occurs in some collections of Arabic tales, has spread into various regions of the Central Asia and Indonesian archipelago. One of the best-known versions of the scull tale is the poem “Zhumzhu-manama” by the Persian mystical poet Farid al-Din Attar. Then we have collected all 6 manuscripts in one place:

1. "Hikayat Jumjuma" – it was written by Arab writer Suleimen ibn Daud as-Saksini, who lived in the 12th century (from the city of Saksin);
2. "Jumjuma" – Arab writer Shihab al-Din al-Abshikhi's prose, who lived in the middle of the 14th century;
3. "Qubas" – Kazakh dastan which was published in W.Radloff's book "The literary heritage of the Turkic tribes in the steppes of southern Siberia and Jungar" [in 1870];
4. "Qissa-i Jumjuma" – manuscript published in Qazan [in 1883];
5. "Hikayat Sultan Jumjuma" – Ishkashim version is still sung in the national instruments at the foot of the Pamir Mountains;
6. "Hikayat Raja Jumjumah – published in London-based “Asiatic journal” [In 1823].

ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «ҚУБАС» ДІНИ ОБРАЗЫ

Ж. С. Керімбек

М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Түйін сөздер: фольклор, қисса, хикаят, аңыз, әпсана, дастан.

Аннотация. «Қисса-и Жұмжұма», «Жұмжұма сұлтан», «Қу бас» деп айтылып жүрген бұл қисса-дастаның Орта Азия, Турция, Орал-Сібір халықтарынан бөлек Оңтүстік Шығыс Азия және Памир тауларында кең тарағанын көреміз. Осы қолжазбаларды бір жерге жинақтасақ, бұл шығарманың мынадай алты нұсқасы пайдал болады:

1. «Жұмжұма хикаяты» (Хикайат-у Джумджума) – 12 ғасырда өмір сүрген араб жазушысы Сүлеймен ибн Дауд ас-Саксинидің кітабындағы прозалық нұсқасы;
2. «Жұмжұма» – 14 ғасырдың ортасында өмір сүрген араб әдебиетшісі Шихаб ад-дин ал-Абшихидің прозалық нұсқасы;
3. «Қу бас» – В. В. Радловтың 1870 жылы «Оңтүстік Сібір мен Жонғар даласындағы түркі тайпаларының халық әдеби мұраларының үлгілері» атты кітабында жарияланған нұсқасы;
4. «Қисса-и Жұмжұма» – 1883 жылы Қазан баспасынан жарық көрген қолжазба;
5. «Хикаят сұлтан Жұмжұма» – Памир тауларының етегіндегі Ишқашим қаласындағы жергілікті халық әлі күнге дейін ұлттық аспаптарына салып жырлайтын нұсқасы;
6. «Хикаят раджа Джумджума» (Hikayat Raja Junjumah) – 1823 жылы Лондоннан шығатын «Азия журналында» (Asiatic journal) жарияланған нұска.

Қазақстанның геосаяси жағдайы ынғайлы орналасқандықтан да, қай кезде де Батыс пен Шығыс мәдениеттерінің түйіскен ортасына айналып келген. Қазақ топырағында өркен жайған әдебиет, әсіресе, шығыс халықтары әдебиетімен тығыз байланыста болған. Ол жайында шығыстанушы ғалым, профессор Ө. Құмісбаевтың «XIX–XX ғғ. қазақ және парсы-араб әдеби байланыстары», «Терең тамырлар», «Абай және Шығыс» атты еңбектерінде кең түрде баяндалды. «Шығыстық әсерлер, суреттеулер ауыз әдебиетінің арнасын кеңейтіп, кемелдендірді. Фердауси, Низами, Навои хамсамаларынан, араб, парсы, үнді ертегі, аныздарынан және Орта Азия халықтарының әдебиеті арқылы келген «Ләйлі-Мәжнүн», «Шахнама», «Тотынама», «Фархад-Шырын», «Тахир-Зухра», «Ескендір», «Рұстем-Дастан», «Атымтай Жомарт», «Мұңылтық-Зарлық» сынды лирикалық, батырлық, ғашықтық дастандар қазақ топырағында жаңадан түлеп, жаңғырып төл туындыларға айналды» [1, 43 б.].

Абай, Шәкірім өз дастандарының бірқатарын нәзирагөйлік дәстүр бойынша жырлаған, шетел ақындарынан өлең аударып қалдырған. «Шәкірім Хафиз жырларын қазақ оқушыларына лайықтап әрлегені болмаса, негізгі түпнұсқадағы мағынасын толық сақтап отырады» [2, 26 б.]. «Шәңгерей, Шортанбай, Дулат, Орынбай, т.б. – ел ішінде ертеден белгілі шығыстық қисса оқигаларын бірінен бірі асыра жырлаған ақындар. Ал, кәдімгі қалыптасқан, биік деңгейдегі профессионалдық, көркем аударманың алғашқы үлгісін жасаған адам – ұлы Абай». «Мәшіүр-Жүсіп Кебесев туындыларының басым бөлігіне шығыстан келген сюжеттер арқау болған» [3, 16 б.], – дейді филология ғылымдарының кандидаты Е.Жүсіпов. Елдердің арасындағы әдеби байланыстарың үлгілері болып табылатын нәзира дәстүрі мен аударманың мәселелері әлі де тыңғылықты зерттеуді қажет етеді.

Кезінде қазақ халық арасында ауызша да, жазба түрінде де кең тараған діни мазмұндағы қиссалар көп болған. Бұлардың бәрін тақырыптық жағынан үш топқа бөліп қарастырған жөн:

Біріншісі – бұрын басқа дінде болған адамдарды Ислам дініне енгізу идеясын жыр еткен діни қиссалар. Бұған «Сал-сал» және «Заркұм» қиссаларының сюжеті дәлел. Бұл қиссаларда Мұхаммед Пайғамбар (с.а.у.) өзінің төрт серігімен (Әбу Бекір, Омар, Осман, Әзірет Әли) әскери жорықтарға аттанады да, ұдайы жауды женіп, оларды Ислам дінін қабылдауға мәжбүр етеді.

Екінші топтагы қиссалар – өмір жолындағы қыындықтарды жене білуғе, төзімділікке, мейірімділікке, достыққа, халық үшін еңбек етуге, махаббат адалдығына үндейді. Бұған «Әзірет Әлидің құлдыққа сатылғаны», «Әзірет Әлидің сараң байды дұрыс жолға салғаны», «Жүсіп-Зылиха» қиссалары дәлел.

Үшінші топтағы қиссалар – бақи дүниедегі, яғни жұмақ пен тозақтағы өмірді бейнелегенің көрсетуге арналған шығарма болып келеді. Мұндай қиссаларда әрбір пендे жалған дүниеде жасаған күнәсі үшін Аллаһ алдында жауап беретіні негізгі идея ретінде жырланады. «Жұмжұма» (Казан, 1881) қиссасында тірі кезінде жасаған күнәлары үшін, ері мұсылманың бес парызын орындағаны (Аллаһтан басқа Тәнір жоқ екенін мойындағаны, намаз оқымағаны, зекет бермегені, ораза ұстамағаны, қажылық ғибадатын орындағаны) үшін тозақ азабын тартып жатқан Жұмжұма деген патшаның бейнесін суреттеп көрсетеді. Қиссада Жұмжұманың тозақтағы жан төзгісіз азапты өмірі нақты штрихтар арқылы берілген.

Осы үшінші топтағы «Қисса-и Жұмжұманың» бір нұсқасын белгілі неміс ғалымы В. В. Радлов 1870 жылы жарық көрген «Оңтүстік Сібір мен Жонғар даласындағы түркі тайпаларының халық әдеби мұраларының үлгілері» атты кітабында «Ку бас» деген атаумен жариялаған [4, 680-692 бб.].

Ал 1881 жылы Қазан баспасынан жарық көрген «Қисса-и Жұмжұма» 1897, 1901, 1910, 1917 жылдары бірнеше мәрте қайта басылып шықты. Бұл басылымдарда өзін автор ретінде көрсеткен Мәулекей Юмачиков деген татардың есімі аталады. М. Юмачиков 1836 жылы Тобыл губерниясының Ялутур оязына қарасты Сейінғұл болысында туған татар [5]. Алайда татар тіліндегі басылымдарда М. Юмачиковты «Қисса-и Жұмжұма» дастанының аудармашысы ретінде көрсетеді. Татар ғалымы И.Ғарифуллинің айтуынша, 19-шы ғасырдың соңында Төмен (Тюмень) татарларының арасында оқыған адамдардың бірі – Ембаев медресесінің мұғалімі Мәулекей Юмачиков болатын. Ол араб, парсы, орыс, татар және қазақ тілдерін менгерген, діни мазмұндағы 2 кітап, он шақты өлеңдер мен эпикалық мазмұндағы байттар жазған. Керек десеніз, М. Юмачиков Хисам Кәтибтің «Жұмжұма сұлтан» дастаның қазақ тіліне аударған [6]. Бұл айтып отырғаны «Қисса-и Жұмжұма» Хисам Кәтибтің «Жұмжұма сұлтан» дастанының аудармасы емес. Өйткені ол шығарма шамамен 1370 жылдары жазылған. Оның қолжазбалары Санкт-Петербург мен Казан қалаларының мұрағаттарында сактаулы. Бұл екі шығарманың сюжеті бірдей болғанымен баяндалуы бөлек. Демек кейінгі қазақ айтушылары «Қисса-и Жұмжұмаға» қазакы бояу қосып, жырлаған.

«Жұмжұма» сөзінің мағынасы араб-парсы тілдерінен аударғанда «ку бас, бас сүйек» дегенді білдіреді. В. В. Радлов жариялаған «Ку бастың» М. Юмачиков жарыққа шығарған «Қисса-и Жұмжұма» нұсқасынан айырмашылығы онда тамұқтың жеті қақпасын жеке-жеке атын атап, түрін түстеп шығады:

Әуелде Аужа деген тамұқ көрдім,
Ораза, намазсыздың орны-еді.
Екінші Шакыт деген тамұқ көрдім,
Ұрлық пенен зинақордың орнын көрдім.
...Жетінші Жәнаннам деген тамұқ көрдім,
Санаыз кәпірлердің орнын көрдім.
Аралап сол дозакта біраз жүрдім,
Отыз түрлі ғазапты адам көрдім [7, 29].

Ал «Қисса-и Жұмжұмада» жеті тамұқты қыскаша былай баяндайды:

Жеті тамұқ бар екен көрдім бәрін.
Төрт бұрышы жаңып тұр, бәрі жалын.
Сол тамұқтың ішіне салғаннан соң,
Отқа күйген шаладай болдым жалын [7, 43].

Белгілі парсы ақыны Фарид ад-Дин Аттардың «Жұмжұма-нама» деген шығармасы бар. Әлі күнге дейін 14-ші ғасырға тиесілі Хусам Кәтибтің «Жұмжұма сұлтан» дастанының түркі тіліндегі нұсқасы 12-ші ғасырдағы парсы ақыны Фарид ад-дин Аттардың «Жұмжұма-наме» поэмасының көшірмесі деп белгілі бір ғылыми ортада айтылып жүрген пікір өз күшін жоя бастады. Әлбетте, бұл екі шығарманың мәтінінде ортақ ұқастықтар барышылық, өйткені олардың сюжеттері бірдей. Алайда Алтын Орда дәүірінде өмір сүрген автордың шығармасында мына өмірде жасаған істеріне қарай о дүниеде күнәшарға жаза беретін тамұқтағы оқиғалар жіті суреттелген, ал парсы әдебиетінде бұл аңыз-әфсанә жоқ екендігі белгілі болды. Біздің пайымдауымызша оқырманға ой салатын шығарманың шиеленіскең, психологиялық сезімге құрылған осы бір өткір тұсы 14-ші ғасырдың ортасында өмір сүрген араб әдебиетшісі Шихаб ад-дин ал-Абшихидің «Китаб ал-мустатраф фи кулл

фанны ал-мустазраф» («Әсемдіктің әрбір түріндегі қызықтар жайлы кітап») деп аталатын антолологиясына енгізілген «Жұмжұманың» араб тіліндегі прозалық нұсқасында да көрініс таппаған [8]. Дәл осы жерде «Жұмжұма сұлтанның» сын көтермейтін мәтіндерін құрастырып шыққан татар профессоры Хатип Усманов кезінде Хусам Кәтибтің өзі әл-Абшихидің шығармасымен таныс болуы мүмкін екендейгін шын мәнінде анғармай қалғанын байқаймыз. Бір таңқаларлығы 19-шы ғасырда татар ақыны М. Юмачиқовтың қазақ тілінің элементтері енген «Кисса-и Жұмжұма» дастанының нұсқасында да осы тұстары ескерілмеген. Араб-парсы тілдерінде «Жұмжұманы» қисса емес, хикаят деп қолданады. Ал қазақ тіліндегі хикаятқа А.Байтұрсыновтың тілімен анықтама берсек, діндар дәүірдің өнеге үшін шығарған әңгімелері хикаят деп аталған. Хикаят дін үйрету ғана мақсатпен шығарған сөздер емес. Діннен басқа жағынан да өнеге көрсету үшін айтылады. Соңдықтан хикаят тақырыбы түрлі-түрлі болады.

Тамұқтың эпизодтары басқа шығармаларда, оның ішінде әл-Абшихидан әлдекайда ертеде, 12-ші ғасырда өмір сүрген араб жазушысы Сүлеймен ибн Дауд ас-Саксинидің (Саксин қаласынан шыққан) «Зухрат ар-рияд ва нузхат ал-кулуб ал-мирад» («Красота садов и утешение страдающих сердец») деген кітабындағы «Хикаят-у Джумджума» («Рассказ о Джумджума») атты прозалық шығармаларында кездесетінін айта кету керек. Осы Ежелгі жазба ескерткіштегі бізге қызықты тұстары түсінкті болу үшін салыстырмалы түрде мәтіннің кейбір жерлерінен мысалдар келтіре кетейік: «Олар мені тамұқтың алғашқы есігіне кіргізбес бұрын алдына алып келді. Ондағы оттың жалыны мына дүниедегі оттан мың есе ыстық екен. Мен шайтанның бастарына ұқсайтын жеміс салып тұрған ағаштарды көрдім. Одан жалынға шарпылған таудай-таудай тастар құлады, онда адамдар тұрды, үстінде тұрған періштeler оларды жалын шарпылған гүрзімен ұрып, соларды жеңдер деп мәжбүрледі. Олар айтты: «ей, байғұс, бұл – закұм ғой, бұл жетімдердің ырзығын әділетсіз жегенің үшін беріледі». Одан кейін мені екінші есікке алып келді, онда – түпсіз терең құдық бар, онда денесіндегі еті кесілген, терісі сызырылған адамдар жатыр. Олар айтты: «Бұл – замхарир, оған зинақор (прелюбодеев) адамдарды тастанды». Содан соң мені үшіншіге (отқа) апарды, онда ыстық (үстік) тастарда қадалып тұрған адамдарды көрдім. Одан кейін менің төртіншіге (отқа) алып келді, онда да адамдар болды. Олар айтты: «бұл адамдар, біреуден есім алып, пайыз төлегендер». Содан соң мені бесінші (отқа), одан кейін алтыншыға әкелді, онда шаяндар мен жыландар бар екен, әрбір шаянның ұзындығы – мың құлаш, ені – бес жұз құлаш, олардың барлығы мені тістеп, шакты. Одан кейін мені Хавийа деп аталатын жетінші (отқа) алып келді. Аяқ астынан мен сарайға тап болым, онда оттан жасалған мың үй бар, әрбір үйде мындаған зат (обиталище) бар, ол заттың әрқайсысында отқа оранған мындаған сандық бар, ол сандықтардың әрқайсысында азаптың мындаған түрлері бар [8].

Орта ғасырдың жазба әдеби ескерткіші саналатын «Кисекбаш китабы» татарлардың арасында өткен ғасырда танымал шығармалардың біріне айналды. Мұның айғағы ретінде археографиялық экспедиция кезінде жыл сайын табылған көптеген таралыммен 1917 жылға дейін әртүрлі баспадан жеке кітап болып шықкан қолжазбаларды айтуға болады. «Кисекбаш китабы» ен алғаш рет ғылыми айналымға Ш.Марджанидің «Әл-қыйым әл-әувел мин мостәфад әл-әхбар фи эхвали Казан вә Болгар» деген 1897 жарық көрген кітабы арқылы енді.

2002 жылы Анкарадан жарық көрген түрік ғалымы М.Аргуншахтың «Kirderci ‘Ali. Kesikbaş Destanı» деп аталатын кітабы осы шығарманы зерттеудің логикалық жалғасы іспетті. Текстологиялық жоспармен жасалған жұмыста алдымен «Кисекбаш кітабының» авторы мен басқа авторларға қатысты мәселелер қаралады, бұған қоса Түркияның мұрағат қорлары мен жеке адамдардың жиынтығында (коллекциясында) сакталған дастаның қолжазбалары жайлы баяндайды. Одан ері 1895, 1905 жылдары Қазан басылымдарында жарық көрген мәтіндердің транскрипциясы мен Түркиядағы қолжазбалар орналастырылған. Соңғы мәтіні қазіргі түрік тілімен сөзбе-сөз аударылған. Мәтінге қысқа тілдік сараптама жасалған. Кітаптың соңына шығармалардың қолжазба нұсқаларының тізімі факсимилемен берілген.

ӘДЕБІЕТ

- [1] Күмісбаев Ф. Терең тамырлар. – Алматы: Ғылым, 1994. – 320 б.
[2] Сейсекенова А. Шәкәрім және Гете: поэзиядағы көркемдік таным үндестігі: Филол. ғ. к... авторефераты. 10.01.07. – Семей, 2004. – 30 б.

- [3] Жүсіпов Е. Мәшіүр-Жүсіп шығармаларындағы шығыс әдеби дәстүрі. Филол.г.к. дәрежесін алу үшін жазылған дисс. авторефераты. – Астана, 2001. – 30 б.
- [4] Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Дзунгарской степи // Киргизские наречие. – Ч7 III. – СПб., 1870. – С. 712.
- [5] Ыбыраев С. «Қазақ тіліндегі қиссалардың авторы татар ма?» // «Жас қазақ» газеті. – Алматы, 15.04.2005. – № 15(15).
- [6] Гарифуллин И. Пресса в Сибири // Газета «Татарские края». – Казан, 06.02.2003. – № 5(522).
- [7] Бабалар сөзі: Діни дастандар. Қоپ томдық. – 2-том. – Астана: Фолиант, 2002. – 432 б.
- [8] Шарафутдинов Д. Рукопись из древнего Саксина // «Гасырлар авазы – Эхо веков» – научно-документальный журнал. – Казан, 2003. – 1/2.

REFERENCES

- [1] Kumisbayev O. Tereng tamyrler. Almaty: Gylym, 1994. 320 p. [in Kaz.].
- [2] Seysekenova A. Shakarym and Goethe: poetry resonates with the knowledge of the art. Semei, 2004. 30 p. [in Kaz.].
- [3] Zhusupov E. The Eastern literary traditions in Mashhur Jusip's work. Astana, 2001. 30 p. [in Kaz.].
- [4] Radlov V.V. Obrazci narodnoy literature tyurkskix plemen in Western Siberia and Dzungarskoy steppe. Part III. St. Petersburg., 1870. 712 p. (in Russ.).
- [5] Ibraev S. Who was the author of Kazakh dastans? "Zhas Kazakh" newspaper. Almaty, 15.04.2005. (in Kaz.).
- [6] Garifullin I. Press in Siberia. The newspaper "Tatar Edge." Kazan, 06.02.2003. N 5 (522). (in Russ.).
- [7] Ancestors' word: Religious dastans. Vol. 2. Astana: Foliant, 2002. 432 p. (in Kaz.).
- [8] Sharafutdinov D. Manuscripts from Old Saksin . "Echo century Avaz vekov" scientific journal. Kazan, 2003. 1 (in Russ.).

РЕЛИГИОЗНЫЙ ОБРАЗ «КУБАС» В МИРОВОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Ж. С. Керимбек

Институт литературы и искусства М. О. Ауэзова, Алматы, Казахстан,
Казахский национальный университет им. фоль-Фараби, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: фольклор, кисса, хикаят, легенда, сказание, дастан.

Аннотация: В этой статье рассматриваются несколько вариантов исламского сюжета "Кисса-и Жумжума", опубликованные в середине 19-го века. Пророческая легенда о допросе и последующее восстановление черепа пророком Иса распространилась в Центральной Азии и Индонезийском архипелаге. Исламская версия берет начало от более ранней греко-египетской легенды. Одна из самых известных версий рассказа о черепе – «Жумжуманама» написана персидским поэтом Фарид ад-динАттар. Легенда религиозного содержания была популярна не только на Востоке, но и в Европе. Мы собрали все 6 рукописей воедино:

1. "Повесть о Жумжуме" – была написана арабским писателем Сулеймен ибн Дауд ас-Саксини, жившим в 12-м веке (в городе Саксин);
2. "Жумжума" – проза была написана арабским писателем Шихабад-Дин аль-Абшихи, который жил в середине 14-го века;
3. "Кубас" – казахстанский дастан, который был опубликован в книге В. Радлова "Литературное наследие тюркских племен в Южной Сибири и Джунгарской степи" [1870];
4. "Кисса-и Жумжума" - опубликован в Казане [в 1883 году];
5. "Повесть Султан Жумжума" – версия, которую местный народ города Ишкашим, расположенный у подножия Памир, по сей день поет и аккомпанирует народными инструментами;
6. "Повесть о Раджа Жумжума" – опубликована в "Азиатском журнале" издающийся в Лондоне [В 1823 году].

Поступила 17.03.2016 г.